



Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2025 жылғы
«12» қарашадағы
№301 қаулысымен бекітілді

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РММ

20 26 ж. « 28 » қаңтар

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 970140003642

1997 ж. « 08 » қаңтар

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
білім басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«Петропавл қаласының білім бөлімі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
«№ 42 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ

Петропавл қаласы, 2025 жыл

1. Жалпы ереже

1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «№ 42 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – коммуналдық мемлекеттік мекеме) заңды тұлға мәртебесіне ие, білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін және қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын, оқушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес кеңейтілген және тереңдетілген инженерлік-математикалық білім беруді қамтамасыз ететін коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 1996 жылғы 8 тамыздағы № 54 қаулысы негізінде құрылды.

3. Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі коммуналдық мемлекеттік мекеменің Құрылтайшысы (бұдан әрі – Құрылтайшы) болып табылады.

4. Құрылтайшының орналасқан орны: Қазақстан Республикасы 150000, Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Қазақстан Конституциясы көшесі, 58.

5. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі коммуналдық мемлекеттік мекемені басқаруды жүзеге асыратын Уәкілетті органы (бұдан әрі – Уәкілетті орган) болып табылады.

6. Уәкілетті органның орналасқан орны: Қазақстан Республикасы 150000, Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Қазақстан Конституциясы көшесі, 23.

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі 050240009128.

7. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің атауы:

Мемлекеттік тілде: *«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «№ 42 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.*

Орыс тілінде: *коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа № 42» коммунального государственного учреждения «Отдел образования города Петропавловск» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области».*

8. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, 150000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, П.Лазутин көшесі, 212.

9. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі 970140003672.

2. Заңды мәртебесі

9. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес балансы, банкте шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған бланкілері мен мөрі болады.

10. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өз кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Құрылтайшы жергілікті бюджет қаражатынан субсидиарлық жауапты болады.

12. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаты

13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мыналар болып табылады:

1) мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, инклюзивті (мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін) білім беруді жүзеге асыру;

2) азаматтардың білім алуға конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету, қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру, оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру, пәндер (пәндер мен пәндер циклдері) бойынша білім алушылармен тереңдетіп оқуды ұйымдастыру;

3) оқушылардың қажеттіліктері мен жеке қабілеттерін ескере отырып, олардың өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігін қалыптастыру үшін жағдайлар жасау;

4) азаматтыққа және отансүйгіштікке, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарау, халық дәстүрін қастерлеу, кез келген конституцияға қайшы және қоғамға жат көрініске төзбеу;

5) жан-жақты интеллектісі, зерттеу еңбегінің дағдылары, саналы түрде мамандық таңдауға дайын мәдениеттің жоғары деңгейі, жоғары оқу орындарында өз бетінше шығармашылық оқуы бар тұлғаны қалыптастыру;

6) жеке тұлғаны толыққанды дамыту үшін білім алушының отбасымен өзара іс-қимыл жасау;

7) педагогикалық процестің материалдық-техникалық базасын жетілдіру, заманауи білім берудің жаңа технологияларын іздеу.

14. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ оқушыларды жеке тұлғаның жеке мүмкіндіктеріне сәйкес барынша мүмкін және сапалы деңгейде тереңдетілген,

бейінді, сараланған оқытуды көздейтін қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеру үшін оңтайлы жағдайлар жасау болып табылады.

15. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартын іске асыру;

2) бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандартын іске асыру;

3) негізгі орта білім берудің жалпыға міндетті стандартын іске асыру;

4) жалпы орта білім берудің жалпыға міндетті стандартын іске асыру;

5) инклюзивті (мүгедектігі бар адамдар үшін) білім беруді іске асыру;

6) балаларға арналған қосымша білім беруді іске асыру;

16. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің функциялары мыналар болып табылады:

1) білім алушыларға қоғамдық және ғылыми-техникалық прогрестің заманауи талаптарына жауап беретін жалпы орта білім беру, оқушылардың ғылым негіздері туралы берік білім алуына және оларды өз бетінше толықтыра білуіне қол жеткізу;

2) мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру;

3) ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптасуына бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

4) жеке адамның рухани және физикалық мүмкіндіктерін ашуды, адамгершілік және салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыруды, даралықты дамыту үшін жағдай жасау жолымен интеллектті байытуды қамтамасыз ету;

5) Белсенді азаматтық ұстанымы бар адамды тәрбиелеу, адамның отбасы, халық, қоғам және мемлекет алдындағы саналы құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ Республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттіліктерін қалыптастыру;

6) азаматтық пен отансүйгіштікке, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, Мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға, халықтың дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу;

7) адамның шығармашылық қабілеттерін және адамгершілік-эстетикалық тәрбиесің дамыту;

8) қазақ халқының және Қазақстан Республикасының басқа да халықтарының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін зерделеу үшін жағдайлар жасау, отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу;

9) оқыту мен тәрбиелеудің озық нысандары мен әдістерін әзірлеу және игеру;

10) педагог кадрлардың және мектеп әкімшілігінің біліктілігін арттыруға жәрдемдесу;

11) педагогтер арасында инновациялық ғылыми – әдістемелік қызмет, шығармашылық өсу, кәсіби шеберлікті жетілдіру үшін жағдай жасау;

12) мұғалімдер арасында ғылыми-әдістемелік жұмысты жандандыру негізінде тәрбие жұмысының жаңа нысандарын белсенді іздестіру;

13) өз жұмысының түпкілікті нәтижесі үшін педагогикалық ұжымның жауапкершілігін арттыру.

17. Коммуналдық мемлекеттік мекеме осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқылы емес.

18. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен белгілі бір шектелген қызмет мақсаттарына қайшы не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының, мемлекеттік мүлік жөніндегі әкілетті органының, жергілікті атқарушы органының, прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

19. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде келесі жалпы білім беру бағдарламалары жүзеге асырылады:

- 1) мектепалды даярлық;
- 2) бастауыш білім беру;
- 3) негізгі орта білім беру;
- 4) жалпы орта білім беру;
- 5) балаларға арналған қосымша білім беру;
- 6) арнайы оқу бағдарламалары.

5. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге қабылдау тәртібі

20. Балаларды коммуналдық мемлекеттік мекемеге қабылдау «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелді) бекітілген Орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі

21. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім беру процесін «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелді); «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29767 болып тіркелді) сәйкес жүзеге асырады.

7. Білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі

20. Білім алушылардың білім беру оқу бағдарламаларын меңгеруін бақылау мақсатында коммуналдық мемлекеттік мекеме «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды және аралық аттестаттауды жүзеге асырады.

21. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау түрінде жүзеге асырылады. Формативті бағалау білім алушылардың оқу мақсаттарының жетістіктерін мониторингілеу және сабақта сараланған жұмысты одан әрі құру үшін, орындалған үй жұмысының қорытындыларын және педагогтың жазбаша нысандағы (дәптерлерде немесе электрондық журналында) немесе ауызша ұсынымдарын қоса алғанда жүргізіледі.

22. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізудің нысандарын, тәртібі мен кезеңділігін таңдауда дербес болады.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды бөлімдерді (өтпелі тақырыптарды) зерделеу аяқталғаннан кейін оқу материалының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және белгілеу үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер жүргізеді. Жиынтық бағалау нәтижелері бойынша пән бойынша білім алушыларға тоқсандағы оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін ұпайлар қойылады.

Үйде білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім үйде білім алушының оқу жүктемесін және ол оқыған оқу материалын ескере отырып, сараланған және (немесе) жеке тапсырмаларды әзірлейді.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған және (немесе) жеке тапсырмаларды пайдаланады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау өлшемшарттарына өзгерістер енгізеді.

23. Оқу жылының қорытындысы бойынша аралық аттестаттау өткізілмейді. Тоқсандық, жылдық және қорытынды бағаларды қайта қарауға жол берілмейді.

24. 2-8, 10 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау қарастырылмаған.

25. Негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру білім алушыларды міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады және мына формада жүргізіледі:

1) 9 сынып білім алушыларына арналған қорытынды емтихандар;

2) 11 сынып оқушыларына арналған мемлекеттік бітіру емтихандары.

26. Қорытынды аттестаттауға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес үлгілік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9, 11 сынып оқушылары жіберіледі.

27. Қорытынды аттестаттаудың мазмұны және күтілетін нәтижелер әрбір пән мен оқыту тілі бөлінісінде ерекшелікпен реттеледі.

28. Коммуналдық мемлекеттік мекеме түлектеріне қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

29. Қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша:

1) бір немесе екі пәннен қанағаттанарлықсыз баға алған 9 және 11 сыныптардың білім алушылары коммуналдық мемлекеттік мекемеде тиісті оқу пәндері бойынша емтихан нысанында қайта қорытынды аттестаттаудан өтуге жіберіледі;

2) үш және одан көп пәндерден қанағаттанарлықсыз бағалар алған 9 сыныптың білім алушылары қайта оқу жылына қалдырылады;

3) үш және одан көп пәндерден қанағаттанарлықсыз бағалар алған 11 сыныптың білім алушыларына білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтама беріледі.

Келесі оқу жылы аяқталғаннан кейін білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтама алған білім алушылар коммуналдық мемлекеттік мекемеде тиісті оқу пәндері бойынша емтихан нысанында қайта қорытынды аттестаттаудан өтеді.

8. Білім беру процесі қатысушыларының құқықтары мен міндеттері

30. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі білім беру процесінің қатысушылары білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналары (оларды алмастыратын адамдар) болып табылады.

31. Педагогикалық процестің барлық қатысушыларының құқықтары мен міндеттері коммуналдық мемлекеттік мекеменің жеке басына қол сұғылмаушылық және ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау қағидаттарына негізделген.

32. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде білім алушылар мыналарға құқылы:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға, медициналық қызмет көрсетуге, оқу мен еңбектің қолайлы психологиялық және санитарлық гигиеналық жағдайларына, уақытылы және сапалы тамақтануға;

2) коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерімен тең құқылы жағдайға; жеке басына қол сұғылмаушылыққа, ар-намыс пен қадір-қасиетті құрметтеуге және қорғалуға; рухани өмірдің тәуелсіздігі; өз көзқарастары мен сенімдерін еркін білдіруге; физикалық және психологиялық зорлық-зомбылық әдістерін қолданудан қорғалуға;

3) коммуналдық мемлекеттік мекеменің кез келген қызметкерінен кеңес алуға, қажетті қосымша сабақтарға;

- 4) демалысқа, оның ішінде ұйымдастырылған демалысқа, демалыс және каникул күндеріне;
 - 5) белгіленген тәртіппен сабақтардан босатуға;
 - 6) білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары аясында оқытуға;
 - 7) емтихандарды сырттай тапсыруға;
 - 8) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен тегін қамтамасыз етілуге;
 - 9) спорт, оқу, акті залдарын, компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалануға;
 - 10) бір оқу орнынан екіншісіне, бір оқу нысанынан екіншісіне қайта қабылдануға және ауыстырылуға;
 - 11) білім беру бағдарламасында көзделмеген еңбекке ерікті түрде тартылуға;
 - 12) өз таңдауы бойынша заңмен рұқсат етілген кез келген қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстарда болуға, коммуналдық мемлекеттік мекеменің өзін-өзі басқару органдарына сайлауға және сайлануға;
 - 13) білім алуға өзіндік белсенділіктің көрінісі, мекемеде бар оқыту формасын таңдауға;
 - 14) өз қабілеттері мен дарындарын жан-жақты дамытуға, сыныптан тыс жұмыстардың кез келген түрін таңдауға, кәсіби мүдделерді іске асыруға;
 - 15) егер олардың қызметі коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысына қайшы келмесе, түрлі клубтар, секциялар, студиялар, қауымдастықтар және басқа да көркемөнерпаздар бірлестіктерін құруға;
 - 16) оқудағы ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге және сыйақыға;
- 33. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде білім алушылар мыналарға міндетті:**
- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, іскерлікті, практикалық дағдылар мен құзыреттерді меңгеруге;
 - 2) өз денсаулығына қамқорлық жасауға, рухани және физикалық жетілдіруге ұмтылуға;
 - 3) ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысын, білім беру ұйымының жарғысында көзделген басқа да талаптарды орындауға;
 - 4) педагогикалық қызметкерлердің, мектептің басқа қызметкерлерінің, білім алушылардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, «Педагог мәртебесі туралы» Заңның тармақтарын сақтауға;
 - 5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің абыройы мен қадір-қасиетін сақтауға, оны оқудағы, конкурстардағы, олимпиадалардағы, еңбектегі жетістіктерімен арттыруға; коммуналдық мемлекеттік мекеменің дәстүрлерін құрметтеуге;

6) коммуналдық мемлекеттік мекеменің оқу және өзге де мүлкіне ұқыпты қарауға (мүліктің бүлінуінің барлық фактілері бойынша түгендеу комиссиясы директордың шаруашылық бөлімі жөніндегі орынбасарының басшылығымен залалдың құнын бағалай отырып акт жасайды, оқушы немесе оның ата-анасы акт жасалған күннен бастап бір ай ішінде қалпына келтіру жұмыстарының құнын өтеуге міндетті);

7) білім беру ұйымы белгілеген киім формасын сақтауға (киім формасы ата-аналар жұртшылығымен келісілген, мектептің педагогикалық кеңесінде бекітілген).

Міндетті мектеп формасы оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай қою көк түс гаммасында жасалады, саны үштен аспайтын түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.

Ұлдарға арналған мектеп формасына мыналар кіреді: қою көк түсті пиджак немесе капюшоны жоқ түймелі немесе сыдырмалы күрте, қою көк түсті шалбар, ақ жейде, күнделікті ашық түсті жейде, поло жейде немесе тенниска. Қысқы мезгілде: қою көк түсті трикотаж жилет, ақ немесе біркелкі ашық түсті көйлек немесе водолазка. Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы керек.

Қыздарға арналған мектеп формасына мыналар кіреді: қою көк түсті пиджак немесе капюшоны жоқ түймелі немесе сыдырмалы күрте, қою көк түсті классикалық тік, бүктелген немесе күн тәріздес юбка, юбканың ұзындығы тізеге дейін немесе сарафан (етегі тізеден төмен), қою көк түсті классикалық шалбар, күнделікті классикалық біркелкі ашық түсті блузка. Қысқы мезгілде қою көк түсті тоқылған жилет, ақ немесе классикалық біркелкі ашық түсті блузка немесе водолазка. Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы керек. Оқушылардың аяқ киімдері классикалық стильде болуы керек, қыздарға арналған аяқ киім мен етіктің өкшесі 5 см-ден аспауы тиіс.

Ұлдарға арналған мерекелік формасы ақ жейдемен, қыздарға арналған ақ блузкамен толықтырылған парадтық формадан тұрады.

Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық формаға мыналар кіреді: спорттық костюм, ақ футболка, спорттық аяқ киім (кроссовки, кеды).

34. Білім алушылардың міндеттерін орындамағаны, тиісінше орындамағаны, бұзғаны немесе олардың құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны үшін оларға қолданыстағы заңнамада, ішкі тәртіп ережелерінде және осы жарғыда көзделген тәрбиелік не тәртіптік ықпал ету шаралары, сондай-ақ білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген шаралар (ата-аналарды мектепке шақыру, тәрбиелік әңгіме, мектепішілік әкімшілік бақылау қолданылуы мүмкін, басқа шаралар) қолданылуы мүмкін.

35. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері мыналарға құқылы:

1) балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға;

2) ата-аналар комитеттері және қамқоршылық кеңестері арқылы коммуналдық мемлекеттік мекемені басқаруға қатысуға;

3) балаларының үлгерімі, мінез-құлқы және оқу жағдайлары туралы ақпарат алуға;

4) балаларын оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша консультациялық көмек алу; психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар;

5) мұғаліммен келіспеген жағдайда, сыныптастарымен жанжал туындаған жағдайда мәселені шешу үшін әкімшілікке хабарласуға;

6) мұғалімдермен мектеп әкімшілігімен келісім бойынша сабақтарға қатысу.

36. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері мыналарға міндетті:

1) өз балаларын тәрбиелеуге және оқытуға жауапты болуға;

2) балалардың оқу сабақтарына, сыныптан тыс және мектептен тыс іс шараларға қатысуын қамтамасыз етуге;

3) балалардың өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың зияткерлік және дене күштерінің дамуын, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз етуге;

4) бес жастағы балаларды мектепалды даярлауды қамтамасыз етуге, ал алты (жеті) жастан бастап жалпы білім беретін мектепке айқындауға;

5) балаларды оқыту мен тәрбиелеуде жәрдем көрсету арқылы білім беру ұйымымен ынтымақтасуға;

6) «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының тармақтарын сақтауға;

7) білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидалар мен талаптарды орындауға;

8) баланы сабаққа қажетті мектеп-жазу керек-жарақтарымен қамтамасыз етуге; білім алушылардың орта білім беру ұйымдарында белгіленген мектеп формасын киюін қамтамасыз етуге;

9) сынып және жалпы ата-аналар жиналыстарына қатысуға, коммуналдық мемлекеттік мекемеге мұғалімдердің немесе әкімшіліктің шақыруы бойынша өзара ыңғайлы уақытта келуге.

10) баласының коммуналдық мемлекеттік мекемеге келтірген залалын өтеуге.

37. Баланың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің өз міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін мектеп әкімшілігі ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерді мектепке шақыруға және әңгімелесу жүргізуге құқылы. Міндеттерін одан әрі орындамаған жағдайда, осы бұзушылықтар туралы жергілікті атқарушы органдарды, учаскелік инспекторды, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияның өкілін не кәмелетке толмағандардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз ететін өзге де органдарды хабардар етсін.

38. Педагог қызметкерлерге білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуге байланысты білім беру қызметімен айналысатын, сондай-ақ арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдар жатады.

39. Педагог қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері осы жарғыда және мекеменің ішкі еңбек тәртібінің ережелерінде айқындалады.

40. Педагогикалық қызметкер мыналарға құқылы:

1) кәсіби қызмет үшін жағдайларды қамтамасыз ете отырып, педагогикалық қызметпен айналысуға;

2) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстармен айналысуға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

3) жеке педагогикалық қызметке;

4) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда оқу жоспарларын, бағдарламаларын, құралдарын, оқыту тәсілдерін, әдістерін және педагогикалық қызметті ұйымдастыру нысандарын еркін таңдауға;

5) шығармашылық және педагогикалық бастаманың көрінісі;

6) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

7) белгіленген тәртіпте кемінде үш жылда бір рет біліктілікті уақытылы арттыруға;

8) санатты арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестаттауға;

9) педагогикалық қызметтегі жетістіктері үшін моральдық және материалдық көтермелеуге; ордендермен және медальдармен, құрметті атақтармен және белгілермен наградтауға;

10) өзінің кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;

11) оқушылар мен олардың ата-аналары, әріптестері, коммуналдық мемлекеттік мекеме персоналы тарапынан құрметпен және сыпайы қарым-қатынасқа;

12) қажет болған жағдайда ата-аналарға олардың тарапынан балаларының оқуы мен мінез-құлқына бақылау орнату үшін жүгінуге;

13) оқушыларға қосымша сабақтар мен кеңестер ұйымдастыруға;

14) педагогикалық кеңес пен әкімшіліктің алдында оқу процесін бұзатын оқушыларға шаралар қабылдау туралы өтінішхатқа;

15) білім беру ұйымдары әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдануға;

16) заңмен рұқсат етілген қоғамдық-саяси ұйымдар мен қозғалыстарға жатуға, бірақ оқушыларға өздерінің қоғамдық-саяси көзқарастарын тануға құқығы жоқ.

41. Педагог қызметкер мыналарға міндетті:

1) өзінің кәсіби құзыреттілігі саласында тиісті теориялық және практикалық білім мен оқыту дағдыларына ие болуға;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес жоғары кәсіби деңгейде өз пәнін оқытуға, оқушыларды оқыту сапасын, білім деңгейін және тәрбиелеуді қамтамасыз етуге;

3) білім алушыларды жоғары адамгершілік, ата-аналарға, этномәдени құндылықтарға құрмет, қоршаған әлемге ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

4) білім алушылардың өмірлік дағдыларын, құзыреттілігін, дербестігін, оқушылардың жеке және шығармашылық қабілеттерін көрсету және дамыту үшін жағдай жасауға;

5) өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға;

6) бес жылда бір рет аттестаттаудан өтуге және өз біліктілік деңгейін арттыруға;

7) еңбек тәртібін қатаң сақтауға, оны оқушылардан сақтауды талап етуге, педагогикалық этика нормаларын және «Педагог мәртебесі туралы» Заңның тармақтарын сақтауға, әріптестерінің, білім алушылар мен олардың ата-аналарының ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге.

8) оқу-тәрбие қызметін нақты жоспарлауға, әкімшілікті және оқушыларды оқу процесін жоспарлау ерекшеліктері туралы хабардар етуге;

9) сынып журналдарын жүргізу ережелерін сақтауға, оқушылардың білімін объективті және уақытылы бағалауға;

10) оқушылар мен ата-аналарға пән бойынша кеңес беруге;

11) алдын ала келісім бойынша әкімшілікті, оқушылардың ата-аналарын сабаққа жіберуге;

12) оқушыны үзілістен айыруға жол бермей, оқушыларды қоңырауда сабақтан жіберуге;

13) оқу сабақтары мен сыныптан тыс іс-шаралар кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жауапты болуға;

14) сабақтан тыс уақытты пайдалану жоспарларымен санасып, оқушының жеке мүдделерін ескеруге;

15) жұмыс күні ішінде кезекшілікке тағайындауға немесе педагогтің құзыреті аясында өзге де уақытша тапсырмалар алу кезінде уақытша міндеттерді адал атқаруға;

16) өндірістік қажеттілікке байланысты дәлелді себептермен уақытша болмаған әріптестерін ауыстыруға;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жыл сайын медициналық тексеруден өтуге.

42. Педагог өзінің лауазымдық міндеттерін орындамағаны үшін не тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін мектеп әкімшілігі Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 72-бабына сәйкес тәртіптік жаза шараларын қолдануға құқылы.

43. Міндеттері мен педагогикалық әдептің нормаларын бұзғаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарында, еңбек кодексінде және еңбек шартында көзделген жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

44. Педагог қызметкерлерге негізгі міндеттерге қосымша коммуналдық мемлекеттік мекеме директорының бұйрығымен сынып жетекшілік, әдістемелік бірлестікке басшылық ету, тәлімгерлік, кабинет, шеберхана меңгерушісі, кезекшілікті ұйымдастыру, коммуналдық мемлекеттік мекемеге бекітілген учаскедегі жұмыс жүктелуі мүмкін.

45. Педагогикалық қызметке сот үкімімен немесе медициналық қорытындымен тыйым салынған адамдар білім беру ұйымдарында жұмыс істеуге жіберілмейді.

46. Педагог қызметкерлерге білім беру процесін саяси үгіт, діни насихат мақсатында немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін іс-әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға тыйым салынады.

9. Білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқудан шығарудың негіздері мен тәртібі

47. Он алты жасқа дейінгі білім алушыларды оқудан шығаруға ерекше жағдайларда коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқару органының шешімі бойынша құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны, коммуналдық мемлекеттік мекеме жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін жол беріледі.

48. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларды шығару туралы шешім қорғаншылық және қамқоршылық органдарының келісімімен қабылданады.

10. Ақылы қызметтер көрсетудің тізбесі мен тәртібі

49. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушыларға мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты аясында бюджет қаражаты есебінен тегін білім беру қызметтерін көрсетеді.

50. Білім алушыларға мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты аясында ақылы негізде білім беру қызметтерін ұсынуға тыйым салынады.

51. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты аясында білім беру қызметтерін көрсеткені үшін оқушылар мен педагог қызметкерлерден ақы алуға тыйым салынады.

11. Білім беру ұйымының білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі

52. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің білім алушылармен және (немесе) олардың ата-аналарымен және заңды өкілдерімен қарым-қатынастарын ресімдеу тәртібі білім беру ұйымына берілген өтініш және түсу емтихандарының нәтижелері негізінде жүзеге асырылады және білім беру ұйымы басшысының қабылдау туралы бұйрығымен ресімделеді.

53. Білім алушыларды қабылдау кезінде коммуналдық мемлекеттік мекеме директоры, балалардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен білім беру қызметтерін көрсетуге шарттар жасасады.

54. Білім алушылар мен білім алушылардың заңды өкілдеріне білім беру ұйымының Жарғысымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензиямен, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымына қабылдау тәртібімен және білім беру ұйымының қызметін регламенттейтін басқа да құжаттармен танысу мүмкіндігі беріледі.

55. Ата-аналар коммуналдық мемлекеттік мекеменің Қамқоршылық кеңесі арқылы білім беру процесін басқаруға қатысуға құқылы.

56. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Қамқоршылық кеңесі педагогикалық ұжымға өзін-өзі басқару, қосымша жобаларды қаржыландыру,

тәртіп, оқушылардың бос уақыты мәселелерінде жәрдемдеседі, денсаулық сақтау бағдарламаларына белсенді қатысады.

12. Коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару

57. Коммуналдық мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Уәкілетті орган жүзеге асырады.

58. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) коммуналдық мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

3) коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібі мен өкілеттік мерзімін, шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

4) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны атқаратын лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

6) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

8) Құрылтайшыға коммуналдық мемлекеттік мекемеге берілген мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді.

59. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) коммуналдық мемлекеттік мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

2) коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

60. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің директорын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Уәкілетті орган қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

61. Директор коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық етеді, Уәкілетті органға тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда) және Мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

62. Коммуналдық мемлекеттік мекеме директоры дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және Мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

63. Коммуналдық мемлекеттік мекеме директоры қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда және басқа ұйымдарда коммуналдық мемлекеттік мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасайды;
- 4) сенімхат береді;
- 5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері жөніндегі тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көтермелеу шараларын қолданады және оларды тәртіптік жазаға тартады;
- 10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және коммуналдық мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктері аясын айқындайды;
- 11) білім алушылар контингентін қалыптастырады, оларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді;
- 12) коммуналдық мемлекеттік мекемеде тамақтандыруды, медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру бойынша қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді;
- 13) педагогикалық кеңестің жұмысына басшылық етеді;
- 14) білім беру ұйымының білім беру қызметі саласын қолдау және кеңейту мақсатында инновациялық технологияларын енгізуді және тартуды қамтамасыз етеді;
- 15) кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, педагогикалық және тәрбие процесінің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді, олардың біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды;
- 16) білім беру ұйымдарымен үздіксіз кәсіптік оқыту жөніндегі бірлескен жұмыс бойынша жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 17) жұртшылықпен байланысты қамтамасыз етеді, ата-аналармен (оларды алмастыратын адамдармен) жұмысты үйлестіреді;
- 18) жоғары тұрған, қоғамдық және өзге де ұйымдарда коммуналдық мемлекеттік мекемені танытады;
- 19) әлеуметтік серіктестікті және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі шараларды жүзеге асырады;
- 20) Уәкілетті органға оқу, ғылыми және қаржылық қызметтің нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті ұсынады;

21) еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы жөніндегі заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайды;

22) ерлер мен әйелдер үшін тең құқықтар мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді;

23) коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтағаны үшін дербес жауапты болады;

24) білім алушылардың, коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарының бұзулуына;

25) өз құзыретіне жатқызылған функциялардың орындалмауына;

26) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарының бұзулуына;

27) оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылар мен коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына;

28) қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйіне, оның ішінде материалдық және ақшалай қаражаттың мақсатсыз пайдаланылуына.

13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

64. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкі заңды тұлғаның активтері құрайды, олардың құны оның балансында көрсетіледі. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналар есебінен қалыптастырылады:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер.

65. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өзіне бекітіліп берілген мүлікті және өзіне смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше әдіспен билік етуге құқығы жоқ.

66. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында коммуналдық мемлекеттік мекемеге табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес білім беру саласындағы Мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны қоспағанда, тиісті бюджетке есепке жатқызылуға тиіс.

67. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметін Уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган бюджет қаражаты есебінен қаржыландырады.

68. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізеді және есеп береді.

69. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру және қайта қарау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

14. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мен Уәкілетті орган, Құрылтайшы, коммуналдық мемлекеттік мекеме әкімшілігі және еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас

70. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мен Уәкілетті орган, Құрылтайшы арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шарттық шарттарда құрылады.

71. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде оқыту құқығы директор мен қызметкер арасында жасалған еңбек шарты негізінде директордың бұйрығымен беріледі, онда екі тараптың да құқықтары мен міндеттері, Қазақстан Республикасының қолданыстағы Еңбек заңнамасына сәйкес қызметкердің еңбегіне ақы төлеу шарттары айтылады.

72. Егер оның пікірінше, біліктілік коммуналдық мемлекеттік мекеме талаптарының деңгейіне сәйкес келмесе, директор бас тартуға құқылы.

15. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс режимі

73. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

16. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

74. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

17. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

75. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімімен жүзеге асырылады.

76. Коммуналдық мемлекеттік мекеме заң актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

77. Таратылатын коммуналдық мемлекеттік мекеменің кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

78. Таратылатын коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаражаты, оның ішінде осы заңды тұлғаның мүлкін сату нәтижесінде алынған, кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған қаражат тиісті бюджет кірісіне есептеледі.



Утвержден
постановлением акимата
Северо-Казахстанской области
от «12» ноября 2025 года № 301

У С Т А В

коммунального государственного учреждения
«Общеобразовательная школа № 42»
коммунального государственного учреждения
«Отдел образования города Петропавловск»
коммунального государственного учреждения
«Управление образования
акимата Северо-Казахстанской области»

г.Петропавловск, 2025 год

1. Общие положения

1. Коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная школа № 42» коммунального государственного учреждения «Отдел образования города Петропавловск» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области» (далее – коммунальное государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения для осуществления образовательных функций, реализующее общеобразовательные и дополнительные образовательные учебные программы начального, основного среднего и общего среднего образования, обеспечивающие расширенное и углубленное инженерно-математическое образование учащихся в соответствии с их склонностями и способностями.

2. Коммунальное государственное учреждение создано на основании постановления акимата Северо-Казахстанской области от 8 августа 1996 года №54.

3. Учредителем коммунального государственного учреждения является акимат Северо-Казахстанской области (далее – Учредитель).

4. Местонахождение Учредителя: Республика Казахстан, 150000, Северо-Казахстанская область, город Петропавловск, улица Конституции Казахстана, 58.

5. Уполномоченным органом, осуществляющим управление коммунальным государственным учреждением, является коммунальное государственное учреждение «Отдел образования города Петропавловска» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области» (далее – Уполномоченный орган).

6. Местонахождение Уполномоченного органа: Республика Казахстан, 150000, Северо-Казахстанская область, город Петропавловск, улица Конституции Казахстана, 23.

Бизнес-идентификационный номер 050240009128.

7. Наименование коммунального государственного учреждения:

На государственном языке: *«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «№ 42 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.*

На русском языке: *коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа № 42» коммунального государственного учреждения «Отдел образования города Петропавловск» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области».*

